

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 513 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 7-1/467 бұйрығын қараңыз.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабының 39-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 4 с ә у і р д е г і
№ 5 1 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – талаптар) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабының 39-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Осы талаптарда мынадай ұғым қолданылады:
өндірістік бақылау бөлімшелері – жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшіліктері құрған жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі бөлімшелер.

2. Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қойылатын талаптар

3. Жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын объектілердің өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне (бұдан әрі – ӨББ ветдәрігері) мынадай талаптар қойылады:

1) ветеринария мамандықтары бойынша жоғары, ортадан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімінің болуы;

2) жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің өндірістік бақылау бөлімшелерімен еңбек қатынасын растауы;

3) Қазақстан Республикасының ветеринария және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын білуі;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркеуден өткен ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының мемлекеттік тізілімдерімен жұмыс барысында қолдана білуі.